«Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті» КеАҚ директорлар кеңесінің шешімімен (2024 жылғы 10 қыркүйектегі №5 шешім) бекітілді

**«Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының басқарма төрағасы-ректорды сайлау жөніндегі республикалық комиссиясы қызметінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 2023 жылғы 22 маусымдағы №287 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 10.04.2024 жылғы №162 бұйрығына сәйкес 2020 жылғы 08 қазандағы «Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы басқарма төрағасы-ректорды іріктеу және тағайындау мен басқарма мүшелерін сайлау тәртібіне өзгерістер мен толықтырулар (№1 хаттама)**

**Жазылсын:**

**2.1-тармақ** «Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі» (бұдан әрі – Министрлік) Жалғыз акционер ретінде «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, сондай-ақ Жарғыға сәйкес Қоғамның басқарма төрағасы-ректорды сайлайды (тағайындайды);

**2.3-тармақ** «1-қосымшаға сәйкес Қоғамның басқарма төрағасы-ректордың лауазымына арналған конкурс өткізу туралы хабарландыру конкурс өтетін күнге дейін он күнтізбелік күн бұрын мемлекеттік және орыс тілдерінде Министрлік пен Қоғамның сайтында жарияланады»;

**2.4-тармақ** «Басқарма төрағасы-ректордың лауазымына кандидатураларды іріктеу кезінде негізгі талаптар болып табылады:

1) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің болуы;

2) ғылым кандидаты немесе докторы ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, бейіні бойынша доктор немесе философия докторы (PhD) дәрежесінің болуы (құптарлық);

3) кемінде 10 жыл кәсіптік тәжірибесі, оның ішінде білім және ғылым саласындағы басшылық лауазымдарда кемінде 5 жыл;

4) білім беру және ғылыми-инновациялық қызметті ұйымдастыру, ұйымдастырушылық менеджмент қағидаларын, өскелең ұрпақты тәрбиелеу, қазақстандық патриотизмді қалыптастыру жөніндегі мемлекеттік саясатты білуі;

5) стратегиялық жоспарлау, бизнес процестерді цифрландыру, фандрайзинг және инвестицияларды тарту дағдыларының болуы;

6) көшбасшылық, шығармашылық, жаңашылдық, сыни тұрғыдан ойлау, құқық

бұзушылыққа төзбеушілік;
7) қазақ және орыс, ағылшын (құптарлық) тілдерін меңгеруі;
8) ғылым және жоғары білім саласындағы менеджмент және корпоративтік басқару саласында біліктілікті арттыру сертификаттарының болуы»;

**2.6-тармақ** «Конкурсқа қатысу үшін уәкілетті органға мынадай құжаттар қағаз және электронды тасығышта ұсынылады:

1) 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) Конкурс қатысушысының жеке басты куәландыратын құжатының көшірмесі;

3) 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша 3x4 өлшемді түрлі-түсті фотосуреті бар конкурс қатысушысының қызметтік тізімі;

4) жоғары оқу орнының даму жоспары;

5) салыстыру үшін төлнұсқасы ұсынылуымен қоса, білім туралы құжат пен оның қосымшаларының көшірмесі;

6) ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, бейіні бойынша доктор немесе философия докторы (PhD) дәрежесінің берілуі туралы құжаттың көшірмесі;

7) жұмыс орны (қазіргі немесе соңғы) бойынша кадр қызметімен куәландырылған еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

8) құжаттарды ұсыну күніне дейін алты айдан асырылмай берілген № 075/у нысаны бойынша денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтама (дәрігерлік консультациялық комиссияның қорытындысы);

9) көрсетілетін мемлекеттік қызметтер туралы заңнамаға сәйкес құжаттарды ұсыну күніне дейін бір жылдан асырмай берілген психоневрологиялық ұйымның анықтамасы;

10) көрсетілетін мемлекеттік қызметтер туралы заңнамаға сәйкес құжаттарды ұсыну күніне дейін бір жылдан асырмай берілген наркологиялық ұйымның анықтамасы;

11) қылмыстық заңнамаға сәйкес лауазымға орналасуға тыйым салудың болмауын растайтын құжат;

12) ғылым және жоғары білім саласындағы менеджмент және корпоративтік басқарудан біліктілікті арттыру сертификаттарының көшірмесі.

Конкурсқа қатысуға үміткер тұлғалар уәкілетті органмен берілген растайтын құжаттарын ұсына отырып, халықаралық шарттар (келісімдер) шеңберінде шетелдік жоғары оқу орындарындағы, оның ішінде «Болашақ» халықаралық стипендиясының шеңберінде біліміне қатысты қосымша ақпарат, сондай-ақ жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ) негізгі қызмет бағыты бойынша біліктілікті арттыру туралы сертификаттар ұсынуы мүмкін.

Конкурсқа қатысу үшін кандидаттар мазмұны мынадайды қамтитын ЖЖОКБҰ-ның даму бағдарламасын ұсынады:

1) ЖЖОКБҰ-ның құндылықтары және даму болашағы және мемлекеттік мүдделер мен міндеттердің (ұлттық және өңірлік жобалар, тұжырымдамалар, Мемлекет басшысының тапсырмалары) сақталуымен және ЖЖОКБҰ бекітілген құжаттарына сәйкес ЖЖОКБҰ-ның негізгі даму бағыттары бойынша 5 жылға миссиясы, пайымы;

2) ЖЖОКБҰ-ның бекітілген құжаттарын іске асыру жөніндегі ағымдағы

жағдайда талдау (дамудың бір-екі басым бағытын (мақсатын) және индикаторлар мен олар бойынша көрсеткіштерге қол жеткізуді көрсету);

3) ЖЖОКБҰ тап болатын және (немесе) кездесуі мүмкін негізгі қауіп-қатерлер және оларды шешу бойынша ұсыныстар (өткен мерзімнің стратегиясын іске асыруды, мәселелерін, шешімнің сабақтастығын талдау);

4) конкурс қатысушысымен ұсынылатын ЖЖОКБҰ даму бағдарламасын іске асырудың күтілетін нәтижесі және жетістіктері.

ЖЖОКБҰ-ның даму бағдарламасы көлемі Power Point форматында 10 слайдтан аспайтын таныстырылым түрінде ресімделуі керек»;

**2.10-тармақтың 1-тармақшасы** "Министрліктің және Қоғамның сайтында конкурс өткізу туралы хабарландырудың жариялануын қамтамасыз етеді";

**2.15-тармақ** «Қоғамның басқарма төрағасы-ректордың лауазымына үміткер тұлғалардың тізімін қарау және қалыптастыру мен оны ЖЖОКБҰ басқарма төрағасы-ректорды сайлау (тағайындау) жөніндегі республикалық комиссияның (бұдан әрі – Республикалық комиссия) қарауына жіберу Қоғамның директорлар кеңесінің құзыретіне жатады»;

**2.17-тармақ** «Шешім қабылданғаннан кейін 3 жұмыс күн ішінде Қоғамның басқарма төрағасы-ректордың лауазымына ұсынылған кандидаттың сәйкестігін растайтын құжаттардың қосымшасымен бірге директорлар кеңесі отырысының хаттамасы Министрлікке жіберіледі. Министрлік директорлар кеңесімен ұсынылған үміткерлердің конкурсқа қатысу үшін материалдарының толықтығы мен анықтығын тексереді, одан кейін республикалық комиссия мүшелеріне жібереді»;

**2.18-тармақ** «Министрліктің шешімімен құрамына Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары, уәкілетті орган және басқа мүдделі мемлекеттік органдар, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы мен үкіметтік емес ұйымдар қатарынан өкілдер кіретін республикалық комиссия құрылады. Республикалық комиссия төрағасы бірінші отырыста республикалық комиссия мүшелері қатарынан қарапайым көпшілік дауыспен сайланады»;

**2.19-тармақ** «Республикалық комиссия ұсынылған құжаттарды зерделейді және конкурс қатысушыларымен әңгімелесу өткізеді, оның қорытындысы бойынша ашық дауыс беру жолымен көпшілік дауыспен Қоғамның басқарма төрағасы-ректордың лауазымына тағайындауға кандидат анықталады.

Дауыс тең болған жағдайда республикалық комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Республикалық комиссия ашық дауыс беруден кейін кандидаттарға конкурс нәтижесін хабарлайды. Конкурс өткізу кезінде республикалық комиссия отырысына Қоғамның басқарма төрағасы-ректордың лауазымына орналасуға кемінде екі кандидаттың материалдары ұсынылады.

Егер директорлар кеңесімен ұсынылған кандидат (-тар) конкурсқа қатысудан бас тарту туралы өтініш берсе, конкурс өткізілмеген болып танылады және Қоғамның директорлар кеңесі қайта конкурс өткізу туралы хабарлайды»;

**2.20-тармақ** «Егер әңгімелесу нәтижесінде республикалық комиссиямен Қоғамның басқарма төрағасы-ректордың лауазымына кандидат анықталмаса, онда конкурс өткізілмеген болып танылады, ал Қоғамның директорлар кеңесі қайта конкурс өткізу туралы хабарлайды. Республикалық комиссия хаттамасы, Комиссияның оң қорытындысын алған конкурс қатысушысының құжаттары, сондай-ақ конкурстық іріктеуден өтпеген тұлғалардың қызметтік тізімі, өтініші мен құжаттары Министрліктің кадр қызметінде сақталады»;

**2.21-тармақ** «Республикалық комиссияның шешімі (хаттама) Қоғамның басқарма төрағасы-ректорды сайлау (тағайындау) үшін негіздеме болып табылады»;

**2.22-тармақ** «Қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін (егер мерзім айқындалса) тараптардың келісімі бойынша еңбек шарты ұзартылады, тоқтатылады (бұзылады) немесе Қоғамның басқарма төрағасы-ректордың лауазымына конкурс жариялау туралы шешім қабылданады».

**2.9-тармақ толықтырылсын** «ЖЖОКБҰ-ның басқарма төрағасы-ректордың лауазымына үміткер тұлғаларды іріктеу кезінде директорлар кеңесі кандидаттармен ұсынылған ЖЖОКБҰ-ның даму бағдарламасын қарайды және оны бағалайды:

1) мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының сәйкестігін;

2) ЖЖОКБҰ-ның негізгі мәселелері мен даму болашағын (өзектілігі, ЖЖОКБҰ әлеуетімен, ресурстарымен үйлесімділігі және оларды пайдалану тиімділігі, тәуекелдерді бағалаудың болуы, сыртқы факторларды есепке алу, негізділік және индикаторлардың қолжетімділігі) түсіну;

3) ЖЖОКБҰ-ның бәсекеге қабілеттілігін арттыру, оның ішінде ЖЖОКБҰ-ның материалдық-техникалық базасын жақсарту жөніндегі пайым;

4) ЖЖОКБҰ-ның инвестициялық тартымдылығын арттыру.

Директорлар кеңесі Қоғамның басқарма төрағасы-ректордың лауазымына үміткерлердің құжаттарын қарау кезінде Қоғамның комплаенс-қызметі (бұдан әрі – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет) қатысады.

Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі алдын ала жалпыға бірдей қабылданған, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған моральдық-әдептілік нормаларын кандидаттардың сақтауы жөніндегі ақпаратты директорлар кеңесі мүшелерінің назарына жеткізеді және жазбаша қорытынды әзірлейді. Кандидаттардың бағдарламасын, сондай-ақ ресми теріске шығаруды нақтылаумен қоса, жалпыға бірдей қабылданған, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған моральдық-әдептілік нормаларын олардың сақтауы жөніндегі қосымша ақпаратты (болған жағдайда) тыңдау нәтижесі бойынша директорлар кеңесі басқарма төрағасы-ректордың лауазымына кандидаттарды ұсыну/ұсынудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

**«Утверждено»**
**решением Совета директоров**
**НАО «Павлодарский педагогический**
**университет имени Әлкей Марғұлан»**
**(«10» сентября 2024 года Решение №5)**

**изменения и дополнения**
**в Порядок отбора и назначения Председателя Правления –ректора и избрания членов Правления некоммерческого акционерного общества «Павлодарский педагогический университет имени Әлкей Марғұлан» от «08» октября 2020 года (протокол №1) согласно Приказа Министра науки и высшего образования Республики Казахстан от 10.04.2024года №162«О внесении изменений в приказ и.о Министра науки и высшего образования РК от 22 июня 2023 года № 287 «О некоторых вопросах деятельности Республиканской комиссии по избранию Председателя Правления – Ректора организации высшего и послевузовского образования»).**

**Изложить:**
**пункт 2.1** «Министерство науки и высшего образования Республики Казахстан (далее – Министерство), как Единственный акционер в соответствии с Законом Республики Казахстан «Об акционерных обществах», а также в соответствии с Уставом избирает (назначает) Председателя Правления – Ректора Общества»;
**пункт 2.3** «Объявление о проведении Конкурса на должность Председателя Правления – Ректора Общества согласно Приложению 1 публикуется на сайте Министерства и Общества на государственном и русском языках за десять календарных дней до даты проведения конкурса»;
**пункт 2.4** «Основными требованиями при отборе кандидатур на должность Председателя Правления –Ректора являются:
1) наличие высшего и послевузовского образования;
2) наличие ученой степени кандидата или доктора наук, степени доктора философии (PhD) или доктора по профилю, ученого звания (предпочтительно);
3) профессиональный опыт не менее 10 лет, в том числе не менее 5 лет на руководящих должностях в сфере образования и науки;
4) знание организации образовательной и научно-инновационной деятельности, принципов организационного менеджмента, государственной политики по формированию казахстанского патриотизма, воспитанию подрастающего поколения;
5) наличие навыков стратегического планирования, цифровизации бизнес-процессов, фандрайзинга и привлечения инвестиций;
6) лидерство, креативность, инновационность, критическое мышление, нетерпимость к правонарушениям;

7) владение казахским и русским, английским (предпочтительно) языками;
8) наличие сертификатов повышения квалификации в области менеджмента и корпоративного управления в сфере науки и высшего образования»;

**пункт 2.6** «Для участия в Конкурсе в уполномоченный орган предоставляются следующие документы на бумажном и электронном носителе:

1) заявление по форме согласно Приложению 2;
2) копия документа, удостоверяющего личность участника Конкурса;
3) послужной список участника конкурса с цветной фотографией размером 3х4 по форме согласно Приложению 3;
4) программа развития высшего учебного заведения;
5) копии документов об образовании и приложений к ним с представлением оригиналов для сверки:
6) копии документов о присвоении ученой степени, степени доктора философии (PhD) или доктора по профилю, ученого звания;
7) копия документа, подтверждающего трудовую деятельность, удостоверенная кадровой службой по месту (действующему либо последнему) работы;
8) медицинская справка о состоянии здоровья (врачебное профессионально-консультативное заключение) по форме № 075/у, выданная не более чем за шесть месяцев до дня представления документов;
9) справка с психоневрологической организации, выданной не более чем за один год до дня представления документов, в соответствии с законодательством о государственных услугах;
10) справка с наркологической организации, выданной не более чем за один год до дня представления документов в соответствии с законодательством о государственных услугах;
11) документ, подтверждающий отсутствие запрета на занятие должности в соответствии с уголовным законодательством;
12) копии сертификатов повышения квалификации в области менеджмента и корпоративного управления в сфере науки и высшего образования.

Лица, претендующие на участие в Конкурсе, могут предоставлять дополнительную информацию, касающуюся их образования в зарубежных вузах, в том числе в рамках международной стипендии «Болашак», в рамках международных договоров (соглашений) с предоставлением подтверждающих документов, выданных уполномоченным органом, а также сертификаты о повышении квалификации по основным направлениям деятельности организации высшего и (или) послевузовского образования (далее – ОВПО).

Для участия в конкурсе, кандидатами предлагается программа развития ОВПО, содержание которой должно включать следующее:

1) миссия, видение по основным направлениям развития ОВПО на 5 лет, ценности и перспективы развития ОВПО в соответствии с утвержденными документами ОВПО и соблюдением государственных интересов и задач (национальные и региональные проекты, концепции, поручения Главы государства);

2) анализ текущего состояния по реализации утвержденных документов ОВПО (указать два-три приоритетных направления (целей) развития и достижение индикаторов и показателей по ним);

3) основные вызовы, с которым сталкивается и (или) может столкнуться ОВПО и предложения решения по ним (анализ реализации стратегии за прошлый период, проблемы, преемственность решений);

4) ожидаемые результаты и достижения от реализации программы развития ОВПО, предлагаемой участником конкурса.

Программу развития ОВПО следует оформить в виде презентации, объем которой не превышает 10 слайдов в формате Power Point»;

**подпункт 1 пункта 2.10** «Обеспечивает публикацию объявления о проведении конкурса на сайте Министерства и Общества»;

**пункт 2.15 «**Рассмотрение и формирование списка лиц, претендующих на должность Председателя Правления – Ректора Общества и направление его на рассмотрение Республиканской комиссии по избранию (назначению) Председателя Правления – Ректора ОВПО (далее – Республиканская комиссия) относится к компетенции Советов директоров Общества»;

**пункт 2.17** «В течении 3 рабочих дней после принятия решения, протокол заседания Совета директоров с приложением документов, подтверждающих соответствие кандидата, рекомендованного на должность Председателя Правления – Ректора Общества направляется в Министерство. Министерство проверяет полноту и достоверность представленных Советами директоров материалов претендентов для участия в конкурсе, после чего направляет их членам Республиканской комиссии»;

**пункт 2.18** «Решением Министерства создается Республиканская комиссия, в состав которой входят депутаты Сената и Мажилиса Парламента - Республики Казахстан, представители из числа уполномоченного органа и других заинтересованных государственных органов, Национальной палаты предпринимателей «Атамекен», Казахстанского отраслевого профессионального союза работников науки и высшего образования и неправительственных организаций. Председатель Республиканской комиссии избирается простым большинством голосов из числа членов Республиканской комиссии на первом заседании»;

**пункт 2.19** «Республиканская комиссия изучает представленные документы и проводит собеседование с участниками конкурса, по итогам которого, путем открытого голосования, большинством голосов определяется кандидат к назначению на должность Председателя Правления – Ректора Общества.

При равенстве голосов голос Председателя Республиканской комиссии является решающим. О результатах конкурса Республиканская комиссия извещает кандидатов после открытого голосования. При проведении конкурса на заседание Республиканской комиссии представляются материалы не менее двух кандидатов на занятие должности Председателя Правления – Ректора Общества.

Если рекомендованный Советом директоров кандидат(ы)

предоставляет(ют) заявление об отказе от участия в конкурсе, конкурс признается несостоявшимся, и Совет директоров Общества объявляет о проведении повторного конкурса»;

**пункт 2.20 «**Если в результате собеседования Республиканской комиссией не был выявлен кандидат на должность Председателя Правления – Ректора Общества, то конкурс признается несостоявшимся, а Совет директоров Общества объявляет о проведении повторного конкурса. Протокол Республиканской комиссии, документы участника конкурса, получившего положительное заключение Комиссии, а также послужной список, заявление и документы лиц, не прошедших конкурсный отбор, хранятся в кадровой службе Министерства»;

**пункт 2.21 «**Решение (протокол) Республиканской комиссии является основанием для избрания (назначения) Председателя Правления – Ректора Общества»;

**пункт 2.22 «**По окончании срока действия (если срок определен) по соглашению сторон трудовой договор продлевается, прекращается (расторгается) или принимается решение об объявлении конкурса на должность Председателя Правления – Ректора Общества».

**дополнить пункт 2.9** «При отборе лиц, претендующих на должность Председателя Правления – Ректора ОВПО Совет директоров рассматривает представленные кандидатами программы развития ОВПО и оценивает их на:

1) соответствие документов Системы государственного планирования;

2) понимание основных проблем и перспектив развития ОВПО (актуальность, совместимость с потенциалом ОВПО, ресурсами и эффективность их использования, наличие оценки рисков, учет внешних факторов, обоснованность и достижимость индикаторов);

3) видение по повышению конкурентоспособности ОВПО, в том числе по улучшению материально-технической базы ОВПО;

4) повышение инвестиционной привлекательности ОВПО.

При рассмотрении Советом директоров документов претендентов на должность Председателя Правления – Ректора Общества принимает участие комплаенс-служба (далее -Антикоррупционная комплаенс-служба) Общества.

Антикоррупционная комплаенс-служба Общества заблаговременно доводит до сведения членов Совета директоров информацию по соблюдению кандидатами общепринятых морально-этических норм, в том числе опубликованных в средствах массовой информации и готовит письменное заключение. По результатам заслушивания программы кандидатов, а также дополнительной информации (при наличии) по соблюдению ими общепринятых морально-этических норм, в том числе опубликованных в средствах массовой информации, с уточнением их официального опровержения, Совет директоров, принимает решение о рекомендации/отказе в рекомендации кандидатам на должность Председателя Правления – Ректора».